

**Ақпарат және медиа коммуникация орталығының
2023- 2024 оқу жылының есебі**

БАҚ-ПЕН БАЙЛАНЫС

2023-2024 оқу жылы университеттің медиа қызметі қалалық, облыстық және республикалық БАҚ-пен белсенді жұмыс атқарды. Атап айтсақ, республикалық «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде, облыстық «Ақжол», «Арай», «Знамя труда» және қалалық «Жамбыл-Тараз» газеттерінде университет қызметі, оқытушылар, қызметкерлердің жетістіктері және студенттер туралы 100-ге жуық мақалалар, ақпараттар жарияланды.

егемен
Қазақстан

АРАЙ
жастар газеті

**Казахстанская
ПРАВДА**

**ЗНАМЯ
ТРУДА**
Общественно - политическая газета

СААНЫ
Газета издается
с февраля 1944 г.

AQ JOL
Jambyl oblystyq qogamdyq-saiazi gazet

JAMBYL TARAZ
ЖАМБЫЛ ТАРАЗ

Сондай-ақ, республикалық ақпараттық порталдармен де байланыс орнатылды. Газет, журнал, ақпараттық сайттарда университеттің қызметі мен жетістіктері туралы 270 материал жарияланды, оның 150-ге жуығы профессорлар, оқытушылар, студенттер жайлы ақпарат болып табылады.

2023 жылы жарнамалық роликтер және телевизиялық сюжеттер дайындау жөнінде «Jambyl» және «Taraz24» телеарналарымен келісім-шартқа отырды.

**TARAZ
24**

JAMBYL

Университет оқытушылары, студенттері, қызметкерлері облыстық «Jambyl» телеарнасының телебағдарламаларының қонағы болды.

Жалпы облыстық және республикалық телеарналарда оқу орнының қызметі мен жетістіктері туралы қазақ және орыс тілінде 95 танымдық ақпараттар, сюжеттер жарық көрді.

Есепті кезеңде түрлі ақпараттық сайттарда университеттің қызметі мен жетістіктері туралы материалдар жарияланды. Атап айтсақ, «Казинформ» республикалық ақпараттық агенттігінде, bilimdinews.kz, abai.kz, edunews.kz, inbusiness.kz ақпараттық сайттарында, ҚР Ғылым және білім министрлігінің сайтында, облыстық ақпараттық «ZhambylNews», «Jambylinfo» ақпараттық сайттарында 83 ақпарат жарияланды.

УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ ГАЗЕТІ

2023-2024 оқу жылында «Университет тынысы» газеті 10 000 дана таралыммен 10 рет жарық көрді. «Университет тынысы» газетінде 148 іс-шара туралы 256 ақпарат, мақалалар жарияланды. Газетте төмендегі айдарлар бойынша ақпарат ұсынылады:

- «Ынтымақтастық аясында», «Ғибратты ғұмыр», «Ойтамызық», «Ғылыми зертхана», «Инновация», «Ізденіс», «Мамандығым-мақтанышым», «Маздақ», «Білгенеге маржан», «Спорт», «Ұрпаққа үлгі», «Рухани мұра».



ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР


Университеттің медиа қызметі Facebook, Instagram әлеуметтік желілерінде университеттің ресми парақшаларын дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізді.

Қазіргі уақытта Instagram парақшасында 13 000 оқырман болса, Facebook әлеуметтік желісінде 3622 жазылушы бар.

Instagram және Facebook әлеуметтік желілеріне 1296 пост салынды.

Университеттің ресми сайтында 1366 ақпарат жарияланды. Ақпараттардың басым көпшілігі университет жайлы жаңалықтар легі болып табылады.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ПОСТ САНЫ



■ инстаграм ■ фейсбук



Ақпарат және медиакоммуникация
орталығының баспасөз хатшысы

Г. Әбсәт